23014377615

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 28 тамыз № 5265-25-00-2/2151 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья К.Ш.Мырзахметов,
сот отырысының хатшысы М.Ғалижанның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «10216 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Diana» Диана Евгеньевна Байгарина

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілдері Ә.К. Каримов пен Е.М. Бекболатов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 4 мамырда Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «10216 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі (ары қарай - талап қоюшы) мен Өнім беруші «ИП Diana» Байгарина Диана Евгеньевна (ары қарай - жауапкер) арасында № 14580547-ЗЦП1 «Бағалы ұсыныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы № 56 санды шарт жасалған (ары қарай –Шарт).

Шарттың 1.1 тармағына сай Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Қызмет(тер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Көрсетілген қызмет(тер)ді қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді:

ерекшелігі бойынша 047-100-159 Өрт/ұрлық дабылдары/сөндіргіш жүйелер/бейнебақылау және ұқсас жабдықтарға техникалық құралдарына қызмет көрсету.

Шарттың құны 3 410 000 теңге.

Шарттың №1 қосымшасына сай жауапкердің қызмет көрсету мерзімі 2025 жылғы31 желтоқсанға дейін деп белгіленген.

Алайда, жауапкер шарттар бойынша өз міндеттемелерін атқармағандықтан, 2025 жылғы 12 маусымда тапсырыс беруші жауапкерге Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орнымдамаған жағдайда сотқа жүгінетіні жайлы хабарламасын жолдаған.

Дегенмен, жауапкер өз міндетерін орындамағандықтан тапсырыс беруші – Талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюымен сотқа жүгінген.

Жауапкерден сотқа талап қоюға жазбаша қарсы пікір түспеген.

Талап қоюшының өкілдері талап қоюды толық қолдап, жауапкер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағандықтан, оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Жауапкер сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланғанымен сотқа келмеді, өзінің келмей қалуының дәлелді себептерін хабарламады және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамаған.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай - АПК) 196-бабына сәйкес, сот, сот отырысын жауапкердің қатысуынсыз қарауды мүмкін деп тапты.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабы 4-тармағы 3-тармақшасына сәйкес, Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Шарттың талаптарына сай Өнім беруші өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 05.09.2025
Заңды күшіне енген күні: 09.10.2025, судья Мырзахметов К. Ш., 14.10.2025
5265-25-3-1/2230

Сотта анықталғандай, тараптар арасында 2025 жылғы 4 мамырда № 56 санды көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт түзілген.

Жауапкер шарт талаптарына сай 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін өрт, күзет белгі беру, өрт сөндіру жүйелеріне, бейне бақылау және ұқсас жабдықтарға техникалық қызмет көрсету қызметтерін атқаруға міндеттенген.

Шарттың Техникалық ерекшелігіне сай өнім беруші ай сайын тапсырыс берушінің 8 (сегіз) нысандарында бақылау жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуе міндеттенген.

Одан басқа, техникалық ерекшеліктердің талабына сай шарт түзілгеннен 10 жұмыс күн ішінде әрбір нысандағы техникалық қадағалау жүргізілетін құрылғылардың жұмысқа жарамдылығын тексеріп, ақаулықтар табылған жағдайда ол туралы актілер түзуге тиіс болған.

Жауапкер техникалық ерекшелікте көрсетілген бұл міндеттемелерін орындамаған.

Нәтижесінде, талап қоюшы жауапкерге 2025 жылғы 12 маусымда дауды сотқа дейінгі хабарлама жолдаған.

Бұдан әрі, жауапкер талап қоюшының 4 нысанында техникалық құрылғылардың жарамдылығын тексерген, ол туралы 2025 жылғы 16, 27 маусымында және 30, 31 шілде күндері актілер түзілген.

Тапсырыс берушінің басқа нысандандарында жауапкермен тексеру жұмыстары жүргізілмеген және құрылғыларға ай сайын жүргізілетін техникалық қызмет мүлдем көрсетілмеген.

Шарттың 5.2 тармағына сай Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте көрсетілетін қызметті толық тапсыруы шартында Қызмет көрсетілді деп есептеледі.

Алайда, жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған, қызмет көрсетпеген, тараптармен көрсетілген қызмет туралы актілеріне қол қойылмаған.

Талап қою талабына қарау кезінде, сот өнім берушіге қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындау міндеті жүктелген шарттың ережелерін ескереді.

Жауапкер Шартпен бекітілген міндеттемелерін тиісінше орындағанын айқындайтын нанымды дәлелдемелер сотқа ұсынбаған.

АК-нің 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынбаған.

Аталғандар негізінде, сот Өнім беруші шартпен бекітілген өз міндеттемелеріне немқұрайлы қарап, шартты орындаудан біржақтама жалтарған деген тұжырымға келеді.

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 05.09.2025
Заңды күшіне енген күні: 09.10.2025, судья Мырзахметов К. Ш., 14.10.2025
5265-25-3-1/2230

Тапсырыс беруші мен өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

Жауапкермен талап қоюшының уәждерін теріске шығаратын басқа ешқандай дәлелдемелер сотқа ұсынылмаған.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Өз кезегінде, талап қоюшының әскери мекеме екенін, оның нысандарында өрт, ұрлық дабылдары, сөндіргіш жүйелер, бейне бақылау және ұқсас жабдықтарға техникалық құралдарына жауапкермен тиісінше қызмет көрсетпеуінің жағымсыз теріс салдары болатынын назарға алып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-бабына сай, талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, сондай-ақ, іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар сот мемлекет кірісіне шығыстарын төлеуден босатылмаған жауапкерден толық немесе талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды өндіріліп алынады.

Аталған бапқа сай, жауапкерден мемлекеттің пайдасына 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуі тиіс.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып,**сот**

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «10216 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Diana» Диана Евгеньевна Байгарина мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Diana» Диана Евгеньевна Байгаринадан мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 05.09.2025
Заңды күшіне енген күні: 09.10.2025, судья Мырзахметов К. Ш., 14.10.2025
5265-25-3-1/2230

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **К.Ш. Мырзахметов**

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 05.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 09.10.2025, судья Мырзахметов К. Ш., 14.10.2025

5265-25-3-1/2230